

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

09 – 13 қыркүйек 2024 жыл



09 – 13 қыркүйек 2024 жыл

Аптаның негізгі тақырыптары

01



АҚШ-та
инфляция
деңгейі
төмендеуде

02



Активтерді
басқарушылар
мұнай бағасының
төмендеуін
күтуде

03



Moody's
Қазақстанның
Рейтингтерін
көтерді

АҚШ-та инфляция төмендеуде


АҚШ инфляциясы бойынша деректер шыққаннан кейін Американың қор нарығы жағдайды қалпына келтіруді жалғастырды. Тұтыну бағасының индексі 2,9%-дан 2,5%-ға дейін төмендеді, бұл нарықтың болжамдарына сәйкес келеді. Өндірушілердің баға индексі күтілгеннен тезірек төмендеп, тамыз айында 1,7%-ды құрады. ФРЖ негізгі мөлшерлемелерді төмендету циклін бастау үшін жеткілікті деректер алды, алайда төмендеу қадамы қандай болатыны белгісіз. 19 қыркүйектегі отырыста ФРЖ-ның кейбір шенеуніктері мөлшерлемені 0,5 пайыздық көрсеткішке төмендету керектігін мәлімдеді. ФРЖ 0,25 пайыздық көрсеткішке төмендетуі және қажет болған жағдайда жыл соңына дейін төмендету қадамын ұлғайту туралы шешім қабылдауы әбден мүмкін. Экономика және еңбек нарығы бойынша сендірерлік деректер ФРЖ-ға рецессиядан қашқақтай отырып, АКС-ны сақтықпен түзетуге мүмкіндік береді.

S&P 500 өткен аптаның қорытындысы бойынша 2,8%-ға өсіп, тарихи жоғары шекке оралды. Нарықтар бигтехтер мен ЖИ компанияларына сеніммен қарауда. Өсудің қосымша факторы қыркүйек айында ФРЖ мөлшерлемесінің 0,5 пайыздық көрсеткішке төмендейтіні күтілді. Енді нарықта мөлшерлемені 0,5 пайыздық көрсеткішке төмендету ықтималдығы 58%-ды және 0,25 пайыздық тармаққа төмендету ықтималдығы 42%-ды құрайды. Қысқа мерзімді перспективада мөлшерлемені неғұрлым жылдам төмендету бойынша жоғары көрсеткіш күту, егер ФРЖ АКС-ны неғұрлым баяу қарқынмен жұмсартуды бастауды шешсе, әлемдік нарықтарға теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Апта кестесі

Активтерді басқарушылар мұнай бағасының түсуін күтуде

2011 жылдан бастап инвесторлардың мұнайға деген көзқарасы көңіл қуантпайды. Бұрын ОПЕК ұйымы мен ХЭА мұнайға деген сұраныс бойынша болжамды төмендеткен болатын.



Дереккөз: Bloomberg

Moody's Қазақстанның рейтингтерін көтеруде

Moody's рейтинг агенттігі Қазақстанның тәуелсіз рейтингін Baa2-ден Baa1-ге дейін көтерді. Бұл еліміздің тарихында ең жоғары рейтинг болып табылады. Талдаушылар Транскаспийлік халықаралық бағыттың дамуы төңірегінде Қазақстан экономикасының әлеуетін атап өтуде, бұл экономика саласына және мұнай өнеркәсібінен тыс салаларға көбірек инвестиция тартуға жәрдемдесері сөзсіз.

Сондай-ақ Moody's агенттігі Қазатомөнеркәсіп, ҚазМұнайГаз және KEGOC сынды қазақстандық компаниялардың рейтингін Baa1-ге дейін көтерді. Moody's Қазақстан экономикасы мен компанияларға сеніммен қарайды, ал S&P Global керісінше бейтарап пікірді ұстанады.

Шолуды дайындаған:

Қасымжан Едіге – BCC Invest Талдау басқармасының талдаушысы
yekassymzhan@bcc-invest.kz



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

«BCC Invest» АҚ клиенттері үшін тәуекелдер туралы ақпарат
Маңызды ақпарат:

Бұл материал тек ақпараттық мақсатта ғана таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру бойынша қызмет емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным болып табылмайды. Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. «BCC Invest» АҚ мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және дұрыстығын тексермейді және тексеруге міндетті емес. «BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауы бойынша және өз тәуекеліне ғана пайдаланады.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыным және/немесе сату бойынша міндеттеме, мәміле жасасуға итермелеу және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің алушының нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным болып табылмайды.

Бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, олар туралы ақпаратты «BCC Invest» АҚ ұсынатын базистік активтердің әртүрлі түрлерімен туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі — «Қаржы құралдары») операцияларды жүргізер алдында, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуға тиіс және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік және өзге де кеңесшілерімен жан-жақты кеңес өткізуге тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелдермен ұштасып жатады, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-ға жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекелдердің салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес. Ақпарат алушы қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс.

Ақпарат алушы, егер оның экономикалық және заңдық мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсаттарына, ниеттеріне және күткен нәтижесіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелдерді тудыруы мүмкін. Сондықтан осы мәмілелер өзіне тиісті тәуекелдерді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын тұлғаларға арналған. Кез келген мәмілені жасасу алдында ақпарат алушы тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелдерді түсінетініне және оқиғалардың кез келген өрбуі езінде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескеру қажет. Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны ұлғаюы да, азаюы мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестициялар құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. «BCC Invest» АҚ ақпаратты пайдалану негізінде ақпарат алушы алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік немесе растау бермейді және қандай да бір жауапкершілікті қабылдамайды.

«Мүдделер қақтығысы»

«BCC Invest» АҚ үшінші тұлғаларға брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау қызметтерін көрсету туралы шарттардың үлгі нысандарында сипатталғандарға ұқсас қызметтер көрсететінін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай кәсіби қызмет түрлерін қоса атқару тәртібімен өзге шарттар бойынша үшінші тұлғалардың тапсырмаларын қабылдайтынын және үшінші тұлғалардың мүдделеріне және өзінің мүдделеріне сай бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді және өзге де операцияларды жүргізетінін және үшінші тұлғаларға өзге де қызметтер, оның ішінде ақпараттық қызметтер, қаржылық кеңес беру, андеррайтинг қызметтері, облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметтері, активтерді сенімгерлік басқару және маркет-мейкер қызметтерін көрсететінін хабарлаймыз.

Жоғарыда көрсетілген қызметтерді көрсету барысында «BCC Invest» АҚ осындай қызметтер үшін сыйақы алады, бұл «BCC Invest» АҚ және клиенттің арасында мүдделер қақтығысының туындауына әкелуі мүмкін.

«BCC Invest» АҚ клиентке қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуды, егер мұндай мәмілені орындау мүдделер қақтығысының туындауына әкелетін болса, ұсынбайды.

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген мемлекеттік лицензия.